

## Астана қаласындағы газбен қамтамасыз етуді есептеу жүйесін қолдану жөніндегі қосымша шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Астана қаласы әкімдігінің қаулысы 2002 жылғы 7 қазандағы N 3-1-1836п. Астана қалалық Әділет басқармасында 2002 жылғы 15 қазанда тіркелді. Тіркеу N 227. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 6 ақпандағы N 06-178 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 06.02.2012 N 06-178 қаулысымен (қаулының мемлекеттік тілдегі мәтіні РҚАО-ға түспеген).**

Коммуналдық қызметтерді тұтынушылардың энергоресурстарды (сұйық газды) қолдануын есептеуді реттеу мақсатында, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі Астана қаласы бойынша департаментінің 2002 жылғы 19 шілдедегі хатын, сондай-ақ аталмыш Департамент жанындағы Сараптау кеңесі отырысының 2002 жылғы 16 қыркүйектегі хаттамасын қарап, Астана қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі Астана қаласы бойынша департаментінің, заңнамамен белгіленген тәртіпте бекітілгенге дейін, Астана қаласындағы газбен қамтамасыз ету ұйымдардың газбен қамтамасыз етуді есептеудің мынадай уақытша жүйесін қолдану туралы ұсынысы қабылданын:

нақты тұтынылған сұйық газдың (бұдан әрі - газ) төлемақысы қала бойынша нақты жиналған жалпы бірлікте 2,7 мөлшеріндегі аспаптың көлемдік көрсеткіштерін қайта есептеу коэффициентін қолдана отырып, есептеу аспабының көрсеткіштері бойынша ұсынылады;

газды есептеу аспаптары болмаған немесе уақытша жұмыс істемеген жағдайда төлемақы мөлшері бір адамға 6,1 килограмм мөлшеріндегі қала бойынша нақты қалыптасқан тұтынудың айлық мөлшерлемесін есепке ала  
о т ы р ы п б е л г і л е н е д і ;

тұтынылған газға төленетін төлемақы, заңнамамен белгіленген тәртіпте, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті бекіткен  
т а р и ф б о й ы н ш а жү р г і з і л с і н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары С.С. Есіловке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі

Визалар:

КЕЛІСІЛДІ:

Алматы ауданының әкімі

Сарыарқа ауданының әкімі

Қазақстан Республикасының  
Табиғи монополияларды реттеу,  
бәсекелестікті қорғау жөніндегі  
агенттігінің Астана қаласы  
бойынша департаментінің

директоры

"Астанагазсервис" ААҚ Басқарма

төрағасы

"Астана қаласын орталық газбен  
камтамасыз ету" ЖШС директоры

Астана қаласының "Әділет"  
тұтынушылардың құқықтарын  
қорғау қоғамдық бірлестігінің

төрағасы

Қазақстан Республикасы  
ардагерлерінің қоғамдық бірлестігі  
қалалық филиалының төрағасы

"АСТАНА-ПЛЮС" орын-жайлар  
(пәтерлер) иелері кооперативтері  
қалалық қауымдастығының президенті

"Бірлік-Единство" ПИК  
қауымдастығының президенті

"Парасат" ПИК қауымдастығының  
төрағасы